

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 21, 13-т., 2022 ж. 23 желтоқсан

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Алғыс хаты»

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы төрағасының (бұдан әрі – Кәсіподақ) Алғыс хатымен (бұдан әрі – «Алғыс хаты») кәсіподақ мүшелері, кәсіподақ қызметкерлері, кәсіподақта кемінде 3 жыл жұмыс істеген, Қазақстан Республикасының кәсіподақ қозғалысына белсенді қатысатын мүшелік ұйымдардың кәсіподақ белсенділері марапатталады.

«Алғыс хаты» Салалық кәсіподақ қозғалысын және әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға атсалысқаны үшін жұмыс берушілер мен мемлекеттік билік органдарының өкілдері марапатталуы мүмкін.

2. Алғыс хатпен марапаттау тәртібі

2.1. «Алғыс хатпен» марапаттау туралы ұсыныстарды кәсіподақтың сайланбалы алқалы органдары бастамашылық етеді, олар марапаттау туралы тиісті ұсыныстарды (ұсыныс хаттарды) Кәсіподақтың Орталық комитетіне жібереді.

2.2. «Алғыс хатпен» марапаттау облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының кәсіподақ ұйымының атқарушы органының ұсынуы бойынша Кәсіподақ төрағасының шешімімен қабылданады.

2.3. Алғыс хатпен марапаттау туралы шешімін қабылдау үшін келесідей құжаттар ұсынылады:

- марапатталушы жұмыс істейтін ұйымның толық атауын, оның тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, кәсіби органдағы жұмысын көрсете отырып, қызметкерді «Алғыс хатпен» марапаттауға ұсыну туралы кәсіподақ органының қаулысы;

- марапаттауға ұсынылатын тұлғаның қысқаша мінездемесі;

Қаулыға облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының кәсіподақ ұйымының, кәсіподақ филиалының басшысы қол қояды және мөрмен бекітіледі.

2.4. Алғыс хатпен марапатталған қызметкерлер жаңа еңбегі үшін марапатталуға қайта ұсынылуы мүмкін, бірақ алдыңғы марапатталудан кейін екі жылдан ерте емес.

2.5. Алғыс хатпен марапаттауға арналған материалдар Кәсіподақтың Орталық комитетіне кемінде бір ай бұрын ұсынылады.